



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі



国际中文日
INTERNATIONAL
CHINESE LANGUAGE DAY



«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
17 сәуір, 2024 ж.

«现代汉语教学现状»
国际学术研讨会论文集
2024 年4月17日

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА»**
Материалы международной научно-практической конференции
17 апреля, 2024 г.

«ACTUAL PROBLEMS OF TEACHING MODERN CHINESE LANGUAGE»
Materials of the international scientific and practical conference
April 17, 2024

Астана, 2024
Astana, 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
哈萨克斯坦共和国教育部
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
列·尼·古米廖夫名下的欧亚国立大学
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
语言文学系汉语言文学教研室
ФИЛОЛОГИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ КАФЕДРА КИТАЙСКОЙ ФИЛОЛОГИИ
FACULTY OF PHILOLOGY DEPARTMENT OF CHINESE PHILOLOGY

КОНФУЦИЙ ИНСТИТУТЫ
孔子学院
ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ
CONFUCIUS INSTITUTE

«ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары
17 сәуір, 2024 ж.

«现代汉语教学现状»
国际学术研讨会论文集
2024年4月17日

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПРЕПОДАВАНИЯ СОВРЕМЕННОГО КИТАЙСКОГО
ЯЗЫКА»
Материалы международной научно-практической конференции
17 апреля, 2024 г.

«ACTUAL PROBLEMS OF TEACHING MODERN CHINESE LANGUAGE»
Materials of the international scientific and practical conference
April 17, 2024

研讨会赞助者：中国驻哈萨克斯坦大使馆

Астана, 2024

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923
Қ 22

Редакциялық алқа:

Е.Б. Сыдықов – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы – Ректор
А.Б. Бейсенбай – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Г. Ахметбек – Қытай филологиясы кафедрасы меңгерушісінің м.а.
Ян Лэй 杨雷 – Конфуций институтының директоры
Б.Жылқыбекұлы – Қытай филологиясы кафедрасының доцент м.а.
Чжу Цуймэй 朱翠梅 – Конфуций институтының доценті
Цзинь Бэйли 靳蓓蕾 – Қытай филологиясы кафедрасының аға оқытушысы

Жауапты хатшы: Г.Т. Елубаева, А.М. Садвакасова

Қ 22 «Қазіргі қытай тілін оқытудың өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (2024 жылдың 17 сәуір, Астана, Қазақстан). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2024. – 164 б. – қазақша, қытайша, орысша, қырғызша.

ISBN 978-601-337-998-2

Бұл Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті Қытай филологиясы кафедрасы мен университет жанындағы Конфуций институтының бірлесіп ұйымдастырған «Қазіргі қытай тілін оқытудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ынтымақтастық байланыс аясында және «БҰҰ-дағы қытай тілі күніне» орай ұйымдастырылған осы конференцияның жинағына қатысушылардың жасаған баяндамалары мен ұсынған мақалалары сұрыптап енгізілді. Жинақта халықаралық ғылыми ортадағы қытай филологиясын зерттеудің жаңа трендтері; қытай-қазақ-орыс тілдерінің мәдениетаралық интерпретациялық аурама мәселелері; қытай тілін оқытудағы инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды қолдану мәселелері; қытай тарихы, мәдениеті және ұлттық білім беру саласындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен даму перспективалары сияқты бағыттарда жазылған авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған. Мақалалар тек авторлық нұсқада жарияланды, мақала көзқарасына авторлар жауапты.

ӘОЖ 811.581
КБЖ 81.2 Кит-923

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қытай филологиясы кафедрасы, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева кафедра китайской филологии, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian national university department of chinese philology, 2024

ISBN 978-601-337-998-2

2 СЕКЦИЯ. «ҚЫТАЙ-ҚАЗАҚ-ОРЫС ТІЛДЕРІНІҢ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛЫҚ АУРАМА МӘСЕЛЕЛЕРІ»

议题二. «汉语-哈萨克语-俄语的跨文化翻译问题»

СЕКЦИЯ 2. «ПРОБЛЕМЫ МЕЖКУЛЬТУРНОГО ИНТЕРПРЕТАЦИОННОГО ПЕРЕВОДА КИТАЙСКО-КАЗАХСКО-РУССКИХ ЯЗЫКОВ»

SECTION 2. «PROBLEMS OF CROSS-CULTURAL INTERPRETIVE TRANSLATION OF CHINESE-KAZAKH-RUSSIAN LANGUAGES»

ӘОЖ 37.03

ЧЖУ ЮНСИН ЖӘНЕ «ЖАҢАША БІЛІМ БЕРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ

Бекқожа Жылқыбекұлы

филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қытай филологиясы кафедрасы, Астана, Қазақстан
e-mail: bekhoja_astana@mail.ru

Андатпа: Қытай демократияны дамыту қауымдастығы орталық комитеті төрағасының орынбасары, Қытай халықтық саяси консультативтік кеңесінің 12-ші ұлттық комитеті бас хатшысының орынбасары, тұрақты комитеттің мүшесі, Йе Шэнтао зерттеу қауымдастығы төрағасының орынбасары, Қытайдың білім беру саясатын зерттеу институтының вице президенті, China Education 30 форумының мүшесі, Сучжоу университетінің профессоры, докторант жетекшісі Чжу Юнсин мырза «Қытайдағы жаңаша білім» бағдарламасы аясында оқу-ағарту саласы бойынша оқырмандардың қызу алғысына ие болған көптеген педагогикалық мазмұндағы кітаптардың авторы. Оның қытай ағартушыларының білім беруді жаңалау мен реформалау жөніндегі ой пікірлері мен тұжырымдары Қытайдың ұлттық ерекшелігіне тән жаңаша білім беру ағымын қалыптастыру, адамның ішкі жан дүниесін дамытуға баса назар аудару, тән мен жанды бір-бірімен байланыстыра қарау, адамның болмыс-бітімін толық қалыптастыру, сол арқылы болашақ қоғам қайраткерлерін тәрбиелеуге бағытталу, сапалы білім беруді оқу-ағартудың негізгі өзегіне айналдыру туралы жазылған бұл мақала оқырмандарға ерекше ой салады. Өйткені мақалада қытайдың көрнекті ағартушысы Чжу Юнсин мырзаның толыққанды, кемелді адам рухын қалыптастыру бүгінгі күнде білім беру ісінің ең жоғарғы шыңы екендігі туралы ой-пікір, пайымдаулары бұлтартпас мысалдар арқылы түсіндіріледі.

Кілт сөздер: оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, жаңаша білім беру, Чжу Юнсин шығармалары, оқу-оқыту реформасы, тың тәжірибе, жан мен тән.

Қытай халық республикасымен тату-тәтті көрші болу салауатымен және сан-салалы ынтымақтастық аясында Қазақ елі қытай елімен көптеген келелі келісімшарттар мен істестік жұмыстар атқарып жатқаны белгілі. Осы барыста қытай елінің орта Азия елдерімен болған қарым-қатынасы күн сайын қоюлана түсіп, олардың қазақ еліне, қазақ елінің қытай ғылым техникасы мен тауарларына деген қажеттілігі күн сайын артып келеді. Орта Азиядағы елдер Кеңес одағы ыдырағаннан кейін өз тәуелсіздігін қайта қолға алған жас мемлекеттер салауатымен ата-баба жолын қуып, атамзамандардан бергі түркі жұртының ақыл-парасаты тудырған «жібек жолы» өркениетіне қайта мұрагерлік етіп, оны қытай жобасы негізінде «Бір жол бір белдеу» бағыты тұрғысынан қайта жаңғыртып отыр. Сол себепті экономикалық күш-қуаты мен ғылым-техникалық әлеуеті және мәмілегерлік қарым-қатынасы біртіндеп жақсарып келе жатқан елдер қатарында еліміздің де өркендеп өсуге деген талпынысы мен ынта-ықыласы көрші елдердің қолдап-қуаттауына мұқтаж екені белгілі. Осы орайда қытайдың көрнекті ағартушысы Чжу Юнсин мырзаның «Жаңаша білім беру»

бағдарламасына қатысты кітаптары мен оқу-ағарту саласына етене жақын тақырыптағы жырлары Ардақ Қалиоллақызы, Адай Секенұлы, Табыс Ерзат және Бекқожа Жылқыбекұлы қатарлы аудармашы мамандардың атсалысуымен қазақ тілінде сөйлей бастағандығы бізді қуантады.

«Жақсы мінезді қалыптастыру бақытты балалық шақтан басталады. Сондықтан бала кезде берілген сапалы білім болашақ ұрпақтың алдағы бүкіл өмірінің мызғымас іргетасы болып табылады.

Балалық шақтың бақыты мемлекеттің деңгейіне байланысты.

Білім беруде алға жылжу үшін біз балаларды өзіміздің ұстаздарымыз ретінде қарастыруымыз керек. Балалардың әлемі тым жұмбақ және оны ересектер түсіне алмауы мүмкін, себебі олардың шығармашылығы мен қиялы шексіз.

Баланың жүрегі - пәк және кіршіксіз. Сұлулық оның пәктігінде жатыр, ал кіршіксіздігі оның сұлулығын арттырады.

Баланың жүрегі - бұл ғажайып әлем, ал ғажайыптар әлемінде бәрі мүмкін. Бұл шығармашылықтың қайнар көзі» [1, 198-202].

Немесе:

Ұстаздардың дамуынсыз шәкірттер сапалы білім ала алмайды, ал мұғалім бақытты болмаса, студенттердің қуанышқа кенелуі мүмкін емес.

Мұғалімдер жағымсыз рөл атқармауы керек. Мұның орнына олар студенттермен бірге сабақ процесі мен оқу-тәрбие жұмысынан ләззат алулары керек. Осы арқылы студенттер мен оқытушылар бір-бірінің өміріне нұр себе алады.

Әр мұғалім өзін «Мен - білімнің бейнесімін» және «Мен өз елімнің патриотымын» деп сеніммен айтуы керек, өйткені әрбір мұғалімнің таңдауы елдің болашағын шешеді.

Оқытуда үш деңгей бар. Бірінші деңгейде оқыту тек қана жұмыс ретінде қарастырылады және ол өмір сүру үшін ақша табу құралы. Мұғалімдер бұл деңгейде жұмыс істей алады, бірақ тиісті жетістікке жетуі қиын. Екінші деңгейде оқыту мансап ретінде қабылданады және ол жеке құндылықтарды жүзеге асыру үшін платформа ретінде пайдаланылады. Мұғалімдер бұл деңгейде басқалардың өзін мойындауын қалайды. Үшінші деңгейде ілім адам өміріндегі ең маңызды идеал ретінде қарастырылады. Осы деңгейде ұстаздар өз оқушыларымен бірге әлдеқайда биігірек өседі» [1, 149-152] - деген секілді «Балалық шақтың көктемі елдің әл-ауқатына байланысты» және «Жақсы ұстаз-студент өмірінің тірегі» деген секілді тақырыптарда оқу-ағарту жайлы өз ой-толғам, пайымын жүрекжарды сипатта ашып айтқан бұл қысқа да нұсқа пайымдауларын аудармашы маман Ардақ Қалиоллақызы оқырмандарға майын тамызып жеткізген. Бұдан басқа «Ұстазға» деп аталатын сұрақ-жауап негізіндегі пайымдау мақалаларының топтамасы болып келетін «Жаңаша білім беру бағдарламасы» аясындағы кітапты да Ардақ Қалиоллақызы өте ұтымды аударып, оқырмандармен беткөрістіргендігін айта кетуге болады.

«Жаңаша білім беру тек құр қиял емес, ол нақты іс-қимылдарды талап етеді. Қазіргі таңда жаңаша білім беру шеңберінде зияткерлік мектеп құру, идеалды сынып құру, сандық қоғамдастық құру, оқытушы мен оқушы бірге ой-сезімін бөлісу, шешендік өнерпаз қалыптастыру сияқты жобалар іске қосылды. Осы жобалар аясында бірқатар арнайы оқыту бағдарламалары дайындалды. Мысалы, «Таңертен, түс және кеш үш мезгіл кітап оқу» бағдарламасы балаларды «толық адам» болуға үйретуде; «кәсіптік оқу + кәсіптік жазу + кәсіптік ортақ даму қоғамдастығы» бағдарламасы оқытушыларды емтихан бұғауынан босатып, кәсіби деңгейін жоғарлатуға, кәсіби мәртебесін көтермелеуге дайындауда; «Идеалды сынып» бағдарламасы тиімді оқытуды негізге алып, оқушылардың білім және өмірге құштарлығын оятуға бағытталып, сабақ барысында оқытушы мен оқушы арасында шаттыққа толы кеңістік құруға талпынуда» [2, 12]. Адай Секенұлы мен Табыс Ерзат аударған бұл үзінді де Чжу Юнсин мырзаның Қытайдағы жаңаша білім беру ісі» атты ғылыми еңбегінің негізгі бағытын айқындап беретіндігі сөзсіз.

Бұдан тыс Чжу мырзаның қазақ елінде жарық көрген жыр жинағы да оның ғалымдық қырына қайшы келмейтін зор табыс ретінде бағаланатындығы сөзсіз. Өйткенін «Өлең мен

ғылымның екеуі де - адам миының тіке туындысы. Олар адамдардың жеке мүддесінің қажетінен әлдеқайда биік тұратын ұқсастығымен табиғат пен қоғамды тануда туысқан тұлға болса да, бірақ олардың өзіндік өзекті айырмашылықтары бар. Осы орайда немістің әйгілі ақыны Гейненің «Өмірбаян» атты кітабындағы мына бір қызықты оқиға еріксіз ойға оралады. Самаладай самсаған жұлдызды түндердің бірінде Гейне атақты философ Гегельмен бірге терезенің алдында иықтаса, аспанға қарап тұрып: «Періштелердің жаннаттай жайлы тұрағы болған жұлдыздар-ай!» - деп жұлдыздарға баяу үн қатады. Сонда Гегель: «Жұлдыздар, е, ол жарқыраған тыртық қой» - деп күбірлеген екен. Өлең өрісті көркемөнердің шағын бір бөлшегі болу салауатымен шынайы болмысты тану және бейнелеу әдісі жақтан ғылымға мүлде ұқсамайды. Жоғарыдағы Гейне мен Гегельдің екеуінің де сөз етіп отырғаны ұқсас бір жұлдыз туралы болғанымен, бірақ ол ақынның көзқарасында жұлдыз - періштенің жайлы тұрағы, жаннат мекен де, ал философтың көзқарасында жарқыраған тыртық қана болып, ол ешқандай таңдануға татымайтын, жай нәрсеге айналып қалады. Сондықтан өлең мен ғылымның бейнелеу тәсілдерін бір-бірінен айқын айыра білу жалпы өлең өнерінің көркемдік құнын жете тану үшін өте қажет» [3, 14]. Өйткені ғылымның білу құралы таным болса, өлеңнің білу құралы - сезім, ғылым шынайы болмысты танып білуде, оны өте ыждағаттылықпен барлап бақылайды, зерделейді, оған салмақтылықпен талдау жүргізеді және үйлесімді логикалық тұжырым мен ғылыми қорытынды жасауды қатаң талап етеді. Осы орайда ғылым өзінің жеке сезімдік күйкі-күйбең тірлігін мүлде ұмытқан болады. Қысқасы, ғылымға сезімдік танымның ешқандай қажеті жоқ. Ал өлең болса ғылыми зерттеуге, оқулық құрастыруға, мәселелерге ғылыми талдау жүргізуге мүлде ұқсамайды. Ол - тек адамдарды сезім серпіні арқылы ғана сергітетін, жаны нәзік, жайдары жанр. Ол - өмірдегі құнарлы қуаныш пен қаралы қасіреттің жаршысы. Өйткені адам үнемі көне және жаңа сезімдердің тоғысында жүреді де, оның сол сезімдері үздіксіз өзгеріске түсіп, жаңаланып отырады. Егер осындай жаңаланып, жаңғырған сезімді кімде-кім киелі сезіне алатын болса, онда ол ақынға айналуы ғажап емес. Ең жаңа елестер мен шиырсыз шымыр ойларды өзара біте қайнастырып, қорытудың нәтижесінен барып сезімге айналған көзқарас өткір де өтімді тіл арқылы қағаз бетіне түскен соң ғана өлеңнің жан баласы баспаған жаңа, соны сүрлеу ізі дүниеге келеді. Бұл барыста өз міндетін орындауда өлеңнің өскелеңдігі үшін жалаң ой түйіні ғана айқын көрнектіленбей, қайта адамның көңіл-күйіне көз боларлық, жүрек лүпіліне айналған сезім селі басты орында тұрады. Мысал үшін оның «Мен ұстазбын» («我是教师») атты өлеңін оқып көрейік.

教师，不是园丁
教师本身应该是一朵花儿
教育是师生互相作用的过程

教师，不是蜡烛
教师不能牺牲为灰烬
以此去照亮自己的学生

教师，不是春蚕
教师的故步自封才会作茧自缚
心灵的成长来自每个季节

教师，不是人类灵魂工程师
没有谁的灵魂是机器
能用某种工艺任意修理完成

教师就是教师

与学生是互相依赖的生命
教师就是教师
每天都在神圣与平凡中穿行

我是教师
伟人和罪人
都可能在我这里形成
让人如履薄冰

我是教师
心底里喜怒哀乐翻滚
黑板上天高地远开阔
脚板下三尺讲台扎根

我是教师
这是一份职业
更是一个志业

我是教师
这是一份职责
每朵乌云背后都有阳光.
更是一种使命

我是教师
时光缓缓显形
终见此生天命

我是教师
以现在求证未来
让生命幸福完整

Бағбан емес,
ұстаз таудың гүл шоғы,
Ғылым-білім жайлауында бүр жарған.
Ұлы ұстаздың шәкіртіне әсері
Елестейді алтын дән боп қырманнан.

Май шам емес,
ұстаз күйік күл де емес,
Шәкірт ұстаз нұрынсыз еш бүрлемес.
Жібек құрты емес қой ол жіп құсқан.
Мезгіл сайын құбылған ол түрлі елес.

Инженер де емес ине жасайтын,
Шебер де емес тасқа ол өрнек қашайтын.
Ұлы ұстаз шәкіртінің келбеті
Жасыл орман күн сәулесін асайтын.

Ұлылыққа ұмтылған мен ұстазбын,
Жаз жадырап,
ақ боранды қыста аздым.
Тамыр тартып қара тақта алдына,
аршасына айналдым күз, қыс-жаздың.

Мен ұстазбын,
сүйген кәсіп, нәсібін,
борышымның қолда үйірген асығын.
Аспандағы ақша бұлт артында,
Тұратынын білем алау жасынның.

Мен ұстазбын,
ұксамаймын ғарышқа,
Тағдыр тауын бейімдеген нарыққа.
Келешектің кемел бақыт талабын
Жетектеп ап келем нұрлы жарыққа (Қытай тілінен аударған: Бекқожа Жылқыбекұлы [4, 83-86].

Педагогика ғылымының жілігін шағып майын ішкен педагог ғалымның мына бір өлеңін оқып отырып, «Мен ақын емеспін», - деп, қанша кішпейілденсе де оның осы бір өлеңінің құрылымдық жүйесі мен суреткерлік қарымына қарай отырып ақын емес деуге мүлде келмейтіндігі көрініп тұр. Жалпы бұл өлеңнің мінсіздігін сөз ете отырып, оның ішінде ерекше көзге түсетін:

Ұлылыққа ұмтылған мен ұстазбын,
Жаз жадырап,
ақ боранды қыста аздым.
Тамыр тартып қара тақта алдына,
аршасына айналдым күз,

қыс-жаздың, - деп келетін осы бір шумақтағы лирикалық «меннің» ішкі жан дүниесі астан-кестен болып, қара тақта алдындағы қара жерді қақыратып, тамыр тартуы оқырманға образды да суреткерлікті ту ететін өлең құдіретінің не екендігін байқатады. Жылпы Жу Юңсин мырзаның «Ағартудың ақ таңы» атты жинақтағы осы тектес өлеңдері оқырманның ой-сезімінен терең орын алады. Ал ондай суреткерлік шеберліктегі өлең шумақтарын басқа тілге төкпей-шашпай дәл жеткізудің өзі де қиынның қиыны екені белгілі. Сол үшін қара сөз жанры болса бір сәрі, өлең жанрын қолұшы, кеттім-бардым аударма салмау үшін аудармашының жан-жақтылы ізденуіне тура келеді. Тіпті, аудармашының сол өлеңнің иесі секілді шабыт шақырып, сезімдік сенделіске түсіп, қиял әлемі теңізіне сүңгуге дейін бармаудың өзі көркем аударма заңдылығына қайшы келеді. Осындай ізденістің арқасында педагог ғалым әрі ақын Жу Юңсин мырзаның ғылыми термендерге толы өлеңдерін қалайда қазақ тіліне көркемдік көкжиегін бұзбай аударып, оқырмандардың көңілінен шығу жағы оның қазақ тілінде сөйлеген жыр жинағы жағынан толық орындалған деуге болады. Осы барыста терең сезінген ақиқат айбары – білдей бір ғалымның ақындық биік тұлғада көрнектіленуі екені белгілі. Бұдан шығатын қорытынды - ақынның ғалым болуы оңай болғанмен, ал ғалымның ақын болуы екінің бірінің қолынан келе бермейтін қиын шаруа екендігінде жатыр. Жу Юңсин мырзаның парасаттылығы да дәл осы арадан айқын көрініс табады деуге болады.

Біз тілге тиек етіп отырған «Ағартудың ақ таңы» атты жыр жинағының 2022 жылы Қазақстан Республикасында жарық көруіне байланысты автордың ондағы жүрекжарды алғы сөзіне назар аудартын болсақ, біз оның өте қарапайым да кішпейілдігі мен қазақ еліне деген шынайы ынта-ықыласын анық аңғара аламыз.

«Мен Қазақстан республикасына бармасам да, қазақ елі сынды жаратылыстық-табиғи байлығы мол, табиғат көрінісі кербез, кең байтақ, еңселі елді білемін. 2019 жыл

қыркүйек айының 11 - жұлдызында Ши Жинпиң төраға мен қазақ елінің президенті қатысқан достық сипаттағы көңілді кештің қонағы болғанымды зор мақтаныш санаймын. Сол жолы екі ел басшыларының экономикалық және рухани жақта ортақ қарым-қатынастарды дамытуға шешім қабылдағандығының куәсі болған едім. Сол негізде мен Қазақстан республикасынан жарық көретін төртінші кітабымның баспадан шығатындығына қатты қуанып отырмын. 2017 жыл Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен «Қытайдың жаңа білім жүйесі» атты кітабым оқырмандармен бет көріскен еді. 2020 жыл Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен «Жу Ионшиннің білім туралы толғамдары», ал 2021 жыл Қазақ энциклопедиясы баспасынан «Ұстазға тағзым» аты кітабым жарық көрген болатын.

Мен ақын емеспін. Алайда білімнің өзі тұнып тұрған поэзия болғандықтан, ағартумен шұғылданған адамның өзі ақындық қиял мен сергек сезімге бай болады. Осы негізде менің ағылшын тіліндегі «Арман қуған» атты жыр жинағым жақында «Кембридж кам өзені» баспасынан ресми жарық көрді. Менің білім туралы ой-толғамдарым 28 тілге аударылып, 80-нен астам кітап болып оқырмандармен бет көріссе де, жыр жинағым қытайдан тыс елдерде екінші рет басылым көріп отыр. Сондықтан Қазақстан Республикасы «Еуразия-Астана» шектеулі серіктігіне және Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қытай филологиясы кафедрасының профессоры Бекқожа Жылқыбекұлына бұл жыр жинағымды қытай тілінен қазақ тіліне аударғандығы үшін ерекше алғыс айтамын. Көрнекті ақын, аудармашы Бекқожа Жылқыбекұлының Қытай елі мен Қазақстан Республикасы арасындағы әдеби-мәдени қарым-қатынастарды дамыту жолында еселі еңбек етіп отырғандығын ерекше ескере отырып, қазақ тілін білмейтіндігім себепті, оның «Жалғыз төбе», «Айжарық» «Қос құлыншақ», «Ай анаға сәлем», «Көңілімнің көлеңкесі», «Қара сәуле» қатарлы қасиетті сәулемен қатысты аталатын жыр жинақтарының қытай тіліне аударылған аударма нұсқасын оқып, лаззаттана отырып, қиял иріміне сүңгігім келеді.

«Ағартудың ақ таңы» атты жыр жинағы білімнің өскелең де ұлы әрі жапалы жұмыс екендігін бейнелеумен бірге оның күн сайын жаңаланып, түрленіп отыратындығын, ата-ана мен ұстаз алдында әрбір баланың бір-бір әлем екендігін, адамзат баласының ақыл-ой қимылын оқу-ағарту арқылы кемелдендіруді ақыл-парасат пен мамандық және шығармашылық тұрғыдан түсінуге болатындығына жол ашады. Бұл үрдістің бәрі де ұстаздық еңбектің оқу-ағарту ісінен шынайы лаззаттану арқылы іске асатындығы сөзсіз.

Жаңа дәуір басталғаннан бері қытайда жүргізілген 22 жаңа білім орталығындағы 8630 тәжірибелік мектептерден тәлім-тәрбие алған 8 миллион бес жүз мыңнан астам оқушы-оқытушылар кемелді білім тәжірибе-сынабын сәтті тамамдап, табысқа жетті.

«Ағартудың ақ таңы» атты жыр жинағыммен бет көріскен қазақстандық әрбір оқырман достардың қытайға сапар аясында біздің жаңа тәжірибелік білім мектептерімізге келіп, бағыт-бағдар беруін шын жүректен үміт етемін». (Чжу Юнсинь, «04» тамыз 2022жыл, ҚХР Сучжоу дишыжайда жазылды) [4, 8-10].

Чжу Юнсинь мырзаның қытайдың оқу-ағарту саласында ерінбей еңбегенген құлшынысының жемісі ретінде оның туындыларының қытай елінде кең көлемде оқырмандардың алғысына бөленумен бірге дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылуы, әсіресе, оның қазақ тіліне тәржімаланған төрт кітабының қазақ оқырмандарымен беткөрісуі қазіргі кезде өз арнасына түсіп, зор қарқынмен жүйеленіп келе жатқан қазақ-қытай қарым-қатынастарының озық үлгісі деуге болады. Өйткені «халықтың қадірін, қасиетін, мыңжылдық дәстүрі мен тәжірибесін, көркемдік, пәлсафалық, әлеуметтік көзқарасын, қаһармандық рухын, ата кәсібін, тілін, діни, даналық қағидаттарын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, әдебін, жөн- жосықтарын, өнерін, ой-арманын, мінезін жете түсініп, мұздай қаруланбайынша, кемел, көреген, бекзат, намысты көшбасшы атану – қиынның қиыны» [5, 49] дейтін ұлттық идеялогиялық қарумен қаруланған қазақ халқы мен қазақ зиялы қауымы үшін құдай қосқан көршімен тату-тәтті әрі жарасымды сыйластықпен қоса олардың озық оқу-ағартуына, ғылым-техникасына және мәдени-мәмілегерлік айла тәсілдері қатарлы жақтардағы тың табыстарына қанық болу біздің болашақ ұрпақтың ой-санасын тіпті де

байытып, ой өрісі көкжиегін кеңейте түсетіндігі сөзсіз. Өйткені «Адам - Ақыл - Таным - Ізгілік - Жетілу-Кемелділік. Абайдағы нұрлы ақыл сөзіндегі осы асыл сипаттарды Жүсіп Баласағұнда әділет пен ізгіліктің құлы, қызметшісі болуы арқылы танытады. Адам аты мен қасиетін ақылмен ақтап, сақтай алады, яғни, ақыл- адамның танып-білу қасиеті. Танып-білу барысында таным қалыптасады. Адамның дүние мен өз әлемін танып-білген танымы ізгілікке жол ашады. Әрі ізгіліктің өз жолынан таймағанда ғана қасиеттілігі көрінеді. Адамзат ұрпағының қасиетті қос жолы - таным мен ізгілікті ақыл – бірдей басшы, тендей тірек деген арқалы сөз адамның мәдени-рухани дамуының ХХІ ғасырдағы басты бағыты болмақ» [6, 322].

Қазақта «үй алма, көрші ал» деген аталы сөз бар. Құдай қосқан көршілеріміздің ішінде ендігі болашақ егеменді еліміз үшін мәмілегерлік қарым-қатынастарда тиімдісі де, ең тиімсізі де осы қытай елі екені белгілі. Біздің елге тиімді болатын жағы – оның қазіргі ғылым-техникасының озықтығы мен елдік тәртіп-түзім кемелділігінің қатаңдық пен әділеттілік орнатуға деген ұмтылысы мен құлшынысының біздің елге үлгі бола алатындығы. Ал ең тиімсіз жері – елдік аумағымыз кең, жер асты-үсті байлық қорымыздың молдығымен бірге жан санымыздың аздығынан және «торғын-торқа, шай-шалаңына» көзімізді сатып, аузымыз аңқайып жүргенде қытай келімсектерінің елемізге ендеп кіруі мен өз ықпал күшін мәдени сауда-саттық қарым-қатынастары арқылы сатылы түрде күшейтіп, егеменді елдігіміздің тұғырына қауып төндіретін мүмкіндігі екені белгілі. Сондықтан біз ғана емес, күллі дүние қытай қаупі мен қорқынышының алдын алу шараларын тыңғылықты жүргізе бастағандығы анық.

Жалпы, «дүниеде үш түрлі адам болады екен. Бірінші түрі, өзінің тәжірибесінен үйренетіндер, олар ақылдылар. Екінші түрі, басқалардың тәжірибесінен үйренетіндер, олар көңілді жүретін адамдар. Үшінші түрі, өзінің тәжірибесінен де басқалардың тәжірибесінен де үйренбейтіндер, олар ақымақтар» [7, 258] деген қағидаға жүгінер болсақ, қазіргі таңда біз қай-қайсы салада болсын өз тәжірибемізден үйренуден гөрі, басқалардың тәжірибесінен үйренуге бейімделіп, тек көңілді жүруге машықтанып бара жатқандығымыз өкінішті. Ендігі кезекте біз Чжу Юнсинь мырзаның үздік шығармалары секілді гуманитарлық және ғылым-техникаға қатысты әлемнің таңдаулы туындыларын аударып, оқырмандарға жеткізу арқылы олардан үлгі-өнеге алып, өзіміздің ұлттық сипаттағы идеялогиялық бағыт-бағдарымызбен өз тәжірибе сабақ кешенімізді қалыптастырып, одан қорытындыланған тәжірибемізді болашақ ұрпақ-жеткіншектерімізге жүйелі түрде үйрететін болсақ, онда ақыл-парсатымызбен Азия құрлығындағы, тіпті әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарынан көзге түсетін боламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- [1] Жу Юнсин. Жу Юнсиннің білім беру туралы даналық сөздері / ауд. А. Қалиолла. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 337 б.
- [2] Чжу Юнсинь. Қытайдағы жаңаша білім беру ісі. / Аударғандар: Адай Секенұлы, Табыс Ерзат. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті баспасы, 2017. – 182 б.
- [3] Бекқожа Жылқыбекұлы. Өлеңнің өзегі. Монография. – Алматы. «Үшқиян» баспасы, 2022, – 384 б.
- [4] Чжу Юнсин. Ағартудың ақ таңы. Қытай тілінен аударған: Б. Жылықбекұлы. – Нұрсұлтан: Eurasia-Astana, 2022. – 92 б. Қазақ тілінде.
- [5] Негимов С. Абай ғибратнамасы. – Астана: 2023, - 232 б.
- [6] Сәбденов О. Ойлы сөз (Таңдамалы еңбектері XXXI том). - Алматы: «Service Press», 2022. – 368 б.
- [7] Ог Мандино (АҚШ). Дүниедегі ең ұлы саудагер. Ұйғыр тіліне аударған: Мұнаржан Токтыяқын. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2003. - 310 б.
- [8] Жу Юнсин. Ұстаздарға. / ауд. А. Қалиолла. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2020. 240 б.

ZHU YUNXIN AND THE NEW EDUCATION PROGRAM

Bekkozha Zhylybekuly

candidate of philological Sciences, acting associate professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University
Department of Chinese philology, Astana, Kazakhstan
e-mail: bekhoja_astana@mail.ru

Annotation: deputy chairman of the Central Committee of the China Democracy Development Association, deputy secretary general of the 12th National Committee of the people's political advisory council of China, member of the Standing Committee, Deputy Chairman of the Ye Shengtao Research Association, vice president of the Institute for Educational Policy Research of China, member of the China Education 30 Forum, Professor, Mr. Zhu Yongxin is the author of many books of pedagogical content in the field of education and education, which have received enthusiastic praise from readers within the framework of the "new education in China" program. His reflections and conclusions of Chinese educators on the modernization and reform of education are devoted to the formation of a new educational flow inherent in the national identity of China, the emphasis on the development of the inner world of a person, the connection of body and soul with each other, the full formation of a person's personality, thereby focusing on the education of future public figures, making quality education the main core of Education. Because the article explains the reasoning and reasoning of the outstanding Chinese educator Mr. Zhu Yunxin that the formation of a full-fledged, perfect human spirit is the highest peak of education today using irrefutable examples.

Keywords: education, education, new education, Zhu Yongxin works, teaching and learning reform, fresh experience, soul and body.

ӘОЖ 81'373

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ ӨЛІМГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖОЛДАРЫ

Танеш Б.¹, Ахметбек Г.²

¹ аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Филология факультеті
Шетел тілдері кафедрасы, Астана, Қазақстан
e-mail: botakoz_2006@mail.ru

² т.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология
факультеті Қытай филологиясы кафедрасы, Астана, Қазақстан
e-mail: akhmetbek.gulzhan@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада тіл мәдениетінің маңызды мәселелерінің бірі өлімге байланысты табу мен эвфемизмдерді зерттеу мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақ және қытай тілдері негізінде салғастырмалы сипатталып, олардың өзара ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айқындау жолдары сөз болады.

Тірек сөздер: табу, эвфемизм, тыйым сөздер, этнолингвистика, тіл білімі.

Аталмыш мақаланың басты мақсаты: Өлімге байланысты табу мен эвфемизмдерді қазақ және қытай тілдері негізінде салғастырмалы сипаттау жолдарын қарастыру. Кез келген тілдің қолданылу мүмкіншілігі кең де, ал оның байлығы сөз мағынасынан, қолданысынан айқын көрінеді. Табуды зерттеу тіл білімі, тарих, этимология, этнолингвистика, этнография үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұның өзі осы мәселенің қажеттілігін және көкейкестілігін айқындаса керек.

Қазақ тіл білімінде табу мен эвфемистік құбылыстарға жеке-жеке түсінік беріліп, оларды зерттеуге арналған біршама еңбектер бар. Осы ретте Ә. Хасенов, Ә. Болғанбаев, Ә. Ахметов [1], Ғ. Қалиев [2], Б. Сағындықұлы [3] т.б. ғалымдарымыздың пікір-тұжырымдары мен еңбектерін атауға болады».